# AMOZ alemi

8 наурыз
2024 жыл
ЖҰМА
№5 (4545)

«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ




## Құрметті «АМӨЗ» ЖШС ұжымының ардақты, аяулы нәзік жандары!

Сіздерді шуақты да жарқын 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Осы бір тамаша көктем мерекесі әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі іспеттес. Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, мемлекеттің нығаюына, тәуелсіздігіміздің мәңгі болуына өз үлесін қосып жүрген қоғам мүшесіне айналған.

Нәзіктіктеріңізді сақтай жүріп, өндірістегі қиын мәселелерге тосқауыл қойып, ер азаматтармен қатар Қазақстанның ең ірі кәсіпорындарының бірінде маңызды міндеттерді атқарып жүрсіздер. Зауыттың жетістікке жетуі жолындағы ерен еңбектеріңіз бен адал қызметтеріңіз үшін алғысымды білдіремін.

Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, әрдайым көтеріңкі көңіл-күй, мол бақыт, қуаныш пен шаттық тілеймін. Мерекелеріңіз құтты болсын!

**«АМӨЗ» ЖШС Бас директорының м.а. Олег ЛЫЗЛОВ**

## Уважаемые женщины коллектива ТОО «АНПЗ»!

Поздравляю вас с весенним праздником 8 Марта!

От лица всех мужчин нашего завода позвольте выразить вам признательность за искренность и душевность, которыми вы наполняете рабочие будни.

Хрупкие, обаятельные и в то же время сильные и целеустремлённые в работе, наравне с мужчинами-нефтепереработчиками вы ежедневно вносите огромный вклад в развитие экономики нашей страны. Вы выполняете ответственные задачи на одном из крупнейших предприятий Казахстана. Спасибо за ваш труд и огромный вклад в достижения нашего завода.

Этот замечательный праздник наполнен душевной теплотой и радостью наступившей весны. Он является символом всего самого доброго и светлого. Пусть волшебная атмосфера этого праздника не прекращается и в будни. От всей души желаю вам солнечного настроения, много радости и улыбок. Будьте счастливы и любимы!

**И.о. генерального директора ТОО «АНПЗ» Олег ЛЫЗЛОВ**

Алтынның жаны да алтын, қолы да алтын

3

Спрашивали – отвечаем!

4

QazMunaiGaz
ATYRAÝ MUNAI ÓŃDEÝ ZAÝYTY

## ПРАЗДНИКИ

***В этом году 8 марта мир в 110-й раз отметит Международный женский день. Небольшой блиц-опрос для заводчанок решила устроить наша редакция в преддверии этого праздника. Рандомно встретившимся нам на территории завода женщинам мы задавали два вопроса: какие традиции празднования 8 Марта у вас есть и что для вас значит этот праздник.***



**Улдан НИЕТОВА, технический работник, АУТН, операторная наливная №42 ПТН:**

– Я люблю этот весенний праздник. Ведь он открывает серию мартовских праздеств. В этот день мы получаем повышенное внимание мужчин: на работе нас поздравляют коллеги, руководители, помимо подарков выписывают премию – что тоже очень приятно.

Я на 5-дневной рабочей неделе. Поэтому вечером 8 марта мы с подругами обязательно ходим в кафе и отмечаем свой праздник. А дома в этот день дарит мне цветы и тортик мой сын – это традиция. Праздничный стол накрываю я сама, но я надеюсь, что сын приведет келін, и тогда эта часть традиции изменится, – смеется Улдан.

Пусть всё исполнится, желаем мы этой замечательной женщине.

Она, в свою очередь, поздравила всех заводчанок с Женским праздником:

– Девушки и женщины АНПЗ и всего нашего коллектива, поздравляю вас с праздником 8 Марта! Желаю вам здоровья и успехов в работе, чтобы все были живы, здоровы и благополучны!

В 1908 году в Нью-Йорке 15 тысяч женщин вышли на демонстрацию, требуя сокращения рабочего дня, увеличения зарплаты и права голоса. Символами праздника они выбрали три цвета: фиолетовый (знаменует собой справедливость и достоинство), зеленый (цвет надежды), белый (символизирует чистоту).



**Гульзия КОНЫРБАЕВА, инженер ПиТН:**

– Я думаю, что у меня этот день проходит так же, как у большинства женщин: муж и дети поздравляют с праздником, дарят подарки и обязательно – цветы. Затем непременно я готовлю что-то вкусненькое для своей семьи.

Этот день из идеологического чествования женщины – передовика производства и активистки – превратился в день любви и семейных ценностей. И этот праздник мне очень по душе. Именно этот день для меня символизирует приход весны, после 8 марта можно расслабиться и не переживать, что вернется зима. В этот день все мужское население Казахстана позволяет подумать каждой женщине, что она та самая, единственная. А что может быть приятнее? Если только каждый день станет для нас таким же, как этот праздник.

Желаю всем женщинам позволять себе быть женственными и красивыми не только 8 марта, но и в любой другой день, и дома, и на производстве – в какой бы должности она не была. Чтобы больше внимания в первую очередь уделяли своим семьям, близким, родным и только потом – работе. Всех с праздником!



**Ақзер ҚҰБАШ, гидрогенизациялық процестер өндірісінің есепке алу жөніндегі технигі:**

– 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні. Бұл күні барша жұрт аналарын, апа-әжелерін, қарындастарын, әпке-сіңлілерін жалпы барлық әйелдер қауымын құттықтайды. Біз де сол қатардамыз. Жолдасым екеуміз аналарымызға тілек айтып, оларға да мерекелік көңіл-күй сыйлаймыз. Сонын ішінде халықаралық мереке келіп жеткен кезде өзімнің ең алдымен ана екендігім ойға оралады. Айналамдағы ер азаматтар жылы лебіздерін арнап, сыйлықтарын ұсынып жатады. Мен үшін ең керемет, жылулық сыйлайтын мереке.

Первое празднование женского дня в Германии состоялось 19 марта – в ознаменование Мартовской революции 1848 года в Пруссии. Затем женский день в разных странах отмечали 2, 9 и 12 марта, а также 2 и 12 мая.

* * *

В августе 1910 года деятельница германской социал-демократии Клара Цеткин на конференции в Копенгагене предложила учредить Международный день борьбы за женское равноправие и эмансипацию. Единогласно её поддержали около ста участниц из 17 стран. В 1911 году его впервые отметили в Германии, Австро-Венгрии, Дании и Швейцарии.



**Гульнара МАТДЖУМАЕВА, техник по учету ПТиЭЭ:**

– Я точно не Клара Цеткин, поэтому для меня, как и для многих женщин, 8 Марта – это праздник, а не протест. Традиционно празднование начинается еще 7 марта, когда нас поздравляют коллеги-мужчины на нашем производстве, потом мы принимаем поздравления в управлении.

А 8 числа меня поздравляет мой любимый человек, дарит подарки и, конечно, цветы.

Но вечер этого дня обычно я провожу с подругами, у нас большая компания, и мы, девочки, сами для себя устраиваем праздник, ходим в ресторан или СПА и непременно дарим подарки друг другу.

Каждой женщине на заводе я хочу пожелать любви в сердце, в душе. Ведь если женщина сама себя любит, то ее будет любить весь мир. У всех разные судьбы, и кто-то недополучил тепла от близких, поэтому нужно непременно полюбить себя, и тогда ты сможешь этим чувством поделиться с другими. Желаю всем женщинам открыть сердце этому миру, желаю доброты, понимания и благополучия в семьях.



**Жұмабике РЫСҚАЛИЕВА, жылу және электр энергиясы өндірісінің химиялық талдау зертханашысы:**

– 8 наурызда өз жанұяммен қарсы алғанды ұнатамын. Жолдасым екеуміздің туыстарымыздың басын қосып тойлатуға тырысамыз. Көктемнің алғашқы керемет көңілкүй сыйлайтын мерекелерінің бірі болғандықтан ерекше сезім береді. Жүзімізде еркімізден тыс күлкі пайда бола бастайды. Әйел құлпырған гүл сондықтан оларға зор денсаулық, еңбекте жеміс, отбасыларының қызығын көріп жылдан-жылға амансесен мерекені тойлай берсін деген тілек айтқым келеді.



**Манар МАРАТОВА, сумен жабдықтау және су бұру объектісінің есепке алу жөніндегі технигі:**

– Әйел әрқашан халықтың ар-ожданы, ізгіліктің, нәзіктіктің және дархан көңілдің көрінісі болып келді және болып қалмақ, бүгінгі мереке оларға деген шынайы құрметтің белгісі деп білемін. Көктем келіп, айнала құлпырып, күн шуағын шашып ерекше қуаныш сыйланатын уақытта 8 Наурыз мерекесі одан сайын жаныңа шаттық ұялататын мереке ғой. Сол себептен оны құр өткізбеуге тырысамын.

8 наурызды отбасыммен қарсы аламын. Біздің жанұяда мереке күні жолдасым мен ұлым маған және қызыма құшақ гүлін алып келіп құттықтайтын дәстүр қалыптасқан.

Дата 8 марта пришла в международное левое движение из России. В 1917 году в этот день (23 февраля по старому стилю) началась забастовка работниц ткацких фабрик Выборгской стороны в Петрограде с требованиями «Хлеба и мира!», переросшая в революцию. Спустя неделю император отрекся от престола.

* * *

В 1975 году Генассамблея ООН провозгласила 8 марта днем празднования достижений женщин во всех областях жизни и протеста против пережитков неравноправия.

В Китае 8 марта рабочий день у женщин длится четыре часа вместо восьми, но эта рекомендация Госсовета КНР не является законом, и часть работодателей ей не следует.

* * *

В США март считается месяцем истории женщин. Ежегодно президент выступает с заявлением, в котором отдает должное достижениям и вкладу американских женщин.



**Айнаш ЖҰМАБАЕВА, мұнай өңдеу және терең күкіртсіздендіру өндірісінің есепке алу жөніндегі технигі:**

– 8 наурызды асыға күтеміз. Ең бірінші аналарымызды, үлкен кісілерімізді құттықтаймыз. Жыл сайын басшыларымызбен бірге ұжымдастарымыздан құттықтаулар қабылдаймыз. Сонымен қатар құрбыларымыздың арасында бір-бірімізге сыйлық береміз. Және де атап өтетіні мейрамда өзімді міндетті түрде қуантуға тырысамын. Өз-өзіме уақыт бөліп, демалыс орындарына тынығып, сауықтыруға арналған процедураларды қабылдауды әдетке айналдырғанмын. Нәзік жандылар барлық жақсыға лайық.

ӨНЕР АДАМЫ

# Алтынның жаны да алтын, қолы да алтын

**Отбасының еркесі, ұлдардың арасындағы жалғыз гүл болып өскен Алтын ЗИНАЛИНАНЫ әкесі алысқа жіберуге қимай, Атырау мұнай және газ институтына оқуға түсіреді. Инженер химик-технолог мамандығы бойынша білім алып, 1994 жылы оқуды аяқтай салысымен ғылыми зерттеу орталығында 2009 жылға дейін қызмет етеді. Кейін ауысым бойынша өзге компанияда қызмет етіп, 2013 жылы Атырау мұнай өңдеу зауытының табалдырығын аттайды.**




Сол кезде 4 цех деп аталатын ұжымға есеп бойынша оператор қызметіне орналасады. Ал, бүгінгі таңда тактілі құюдың автоматтандырылған қондырғысында басқару пультінің операторы лауазымында.

Алтын ханымның қолы да алтын болып шықты. Олай дейтін себебіміз бос уақыт туындай қалса қолына қарындашын немесе тоқитын бұйымдарын ала жөнеледі. Цех ұжымы талай жарыстарда Алтын Зиналинаның қолдарынан шыққан көрнекіліктерді пайдаланып, жүлделі орындарға ие болған.

Бұл да кейіпкеріміздің соңғы қызығушылықтары емес. Олардың қатарында шахмат ойнау да бар. Інілерін айналасына жинап, шахмат ойынының пайдасын жеткізе отырып ойнағанды жаны сүйеді.

Ол аз десеңіз Алтын Зиналина балық аулағанды жақсы көреді. Бұл да кейіпкеріміздің сүйікті қызығушылықтарының бірі. Осыншама көп ермекті бірдей алып жүруге не себеп екендігін өзінен сұрап көрген едік.

*– Кішкентай кезімде әжем сүйекті жонып, тоқитын ілмек жасап берген. Сол кезден бастап үйдің бұйымдарын, қажетті заттарды тоқып бастадым. Ал, сурет салу өнері әкемнен берілсе керек. Ол кісі де бейнелегенді жақсы көретін. Қазір де қолым босай қалса сурет салғанды жақсы көремін. Көбінесе айналамдағылар салып берші деп жатады. Салынған суреттерім мен жасалған бұйымдарымды таратып жіберемін, сыйлап жіберемін. Одан басқа да көрнекіліктер жасау, бояу, креативті бұйымдар жасау қажет болса бірден кірісіп кетемін. Өйткені маған процесс ұнайды. Өзім ұлдардың арасынан өскендіктен солармен тез тіл табысамын. Балық аулауға да достарыммен бірге барамын. Қолым көп бос бола бермейді. Бірақ босай қалса оны құр өткізбеуге тырысамын,* – деп атап өтті Алтын Зиналина.

Кейіпкеріміз өте қарапайым, қолынан келетін істерінің барлығын жүрек қалауымен жасап, айналасына шуағын шашып жүретін жан. Қолынан шыққан туындыларын тіпті өнер деп те қарамайтындығын тілге тиек етті. Осы істермен кәсіби түрде айналыспағандықтан оны көп көрсете беруді де құп көрмейтіндігін айтады.

Қағазға сиямен және қаламмен әдемілеп жазу да Алтын Зиналинаның қолынан ерекше келеді. Оны ұжымдастары да атап өтті. Әдемілеп қағаз бетіне баспа машинасындай қылып түсіріп жазудың өзі үлкен өнер. Кезінде бірге қызметтес болған мамандар әр байқау сайын, ұйымдастырылған шара сайын, киілетін костюмдер, көрнекіліктер, образдарды дайындау сынды жұмыстар Алтын Зиналинаның алтын қолдарынан шығатынын айтады. Соның арқасында қаншама жеңіс алып келген өнер туындылары болса да сахна сыртында сол процесстен рахат алып, қолынан келгенше көмектесуді бірінші орынға қоятындығын ұжымдастары түртіп кетті.

Заты әйел болғанына қарамастан зәулім үй тұрғызып, қақпасына да өз қолымен сурет салып, әсемдеп қойған. Оның үстіне ұзақ жылдан бері көлік тізгінін де өз қолына алған. Бүгінгі өнер адамына қолыңыздан не келеді деп емес қолыңыздан келмейтін не бар деп сұраған абзалырақ па деп қалдық. Он саусағынан өнер тамған кейіпкерімізге ұшқыр ой, бітпес идеялар мен жетістіктер тілейміз.

ТАҒАЙЫНДАУ

# Ж алынды астардың асағы асқанаттың ауапкершілігінде

**АМӨЗ-де Жастар ісі кеңесі 2014 жылы құрылды. Ал 2018 жылы атауы «Жас мамандар кеңесі» деп өзгертілді. Оның негізгі міндеттері жастар қозғалысын дамыту және зауыттың жас қызметкерлерін белсенді өндірістік және әлеуметтік-мәдени өмірге тарту болып табылады. 2024 жылды қоса алғанда 35 жасқа дейінгі 1074 жас маман зауытта қызмет етеді. Яғни жалпы жұмысшылардың 42%-ын құрайды.**



Кеңестің жұмысын алға қарай дамыту мақсатында жас мамандар кеңесіне жаңа төраға сайланды. Ол 25 жасар Жасқанат Кемелхан. Дауыс беруге жалпы 50 адам қатысты, оның 29 ы Жасқанатқа дауыс берді. Ал, 7 адам дауыс беруден қалыс қалды.

Жасқанат Кемелхан гидрогенизация процестері өндірісі, бензинді гидротазалау және изомерлеу қондырғысының пульт басқармасы операторы болып қызмет атқарады.

*«Маған артқан үмітті ақтауға тырысамын. Сенімдеріңіз үшін де алғыс білдіремін. Зауыт жастары бірігіп, көп жетістікке жетуге болады. Бірақ оған бірлік керек, ұйымшылдық керек. Сол себептен де жұдырықтай жұмылып, кәсіпорынды көркейтуге жұмыс жасайық. Ойымда жүрген талай жобалар бар, соларды ақылдасып, жүзеге асыруға баршамыз ат салысайық»,* – деп сөзін аяқтады жаңа төраға.

Жас мамандар кеңесінің жаңа тізгіндеушісіне сәттілік тілейміз!

## Наурыз айында тойланатын мерекелік шаралар бағдарламасы

| | |
|---|---|
| **14.03.2024**<br>11.00 – 12.00 | **14 наурыз – Көрісу мейрамы.**<br>**«Амал келді, жыл келді!»**<br>(Зауыт басқармасы ауласында киіз үйлер тігіледі, сахна қойылады, концерттік бағдарлама) |
| **15.03.2024** | **«Қарттар – асыл қазынамыз»**<br>(Зауыт ардагерлерімен көрісу) |
| **16.03.2024**<br>09.00 | **«Таза әлем» экоакциясы**<br>Өтетін орны: зауыт ауласы |
| **18.03.2024**<br>16.00 | **«Қамқорлық – менен және сенен басталады» тақырыбында қайырымдылық жәрмеңкесі**<br>Өтетін орны: зауыт ауласындағы құрылған киіз үйде |
| 19.30 | Ауыз-ашар<br>Өтетін орны: Зауыт асханасы |
| **19.03.2024**<br>15.00 | **«Дәстүрден тағылым» атты QUIZ**<br>(Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тарих жөнінде білім сайысы)<br>Өтетін орны: №2 зауыт конференц-залы |
| **20.03.2024**<br>11.00 | **«Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» атты мерекелік шара**<br>(Зауыт басқармасы ауласында киіз үйлер тігіледі, сахна, алтыбақан қойылады, концерттік бағдарлама, ұлтттық, спорттық ойындар ұйымдастырылады) |
| **22.03.2024**<br>10.00 | **«Ұлыстың ұлы мерекесі – Әз Наурыз»**<br>(Қалалық әкімдіктің ұйымдастыруымен өтетін мерекелік шараларға қатысу) |

## СІЗДЕР СҰРАДЫҢЫЗДАР – БІЗДЕР ЖАУАП БЕРЕМІЗ

### Қалауына қарай – жаттығу!

Invictus Fitness Club абонементті ішінара өтейтін спорт клубының орнына зауыттан толық немесе ішінара ай сайынғы өтемақысы бар кез келген басқа спорт залын, бассейнді және басқа спорт мекемесін таңдауға бола ма?

**Жөндеу-механикалық цехының сұрағы**

**Қызметкерлерді басқару бөлімінің жауабы:** Фитнес-клубты таңдау жөніндегі комиссия ең қолайлы– бекітілген тізбеге сәйкес Атырау қаласының фитнес-орталықтарына/залдарына барған кезде қызметкерлерге жылдық абонемент сатып алу шығындарын ішінара өтеу нұсқасын таңдады. Яғни, қызметкер өз таңдауы бойынша өзіне ұнайтын фитнес-орталыққа жылдық билет сатып ала алады. Бұл ретте төлем құжаттарын ұсынған кезде зауыт барлық қызметкерлер үшін бірыңғай және серіктестік басқармасы бекіткен сомадағы шығындардың бір бөлігін өтейтін болады. Бүгінгі күні нақты сомасы бекітілмеген, біз бұл туралы қосымша ақпарат беретін боламыз.

### Тұрғын үй несиелері туралы

Биылғы жылы тұрғын үй сатып алуға, оның ішінде жас мамандарға несие беріле ме?

**Электр цехының сұрағы, жөндеу механикалық цехы**

**Қызметкерлерді басқару бөлімінің жауабы:** Қазіргі уақытта «АМӨЗ» ЖШС қызметкерлерінің тұрғын үй сатып алуын қаржыландыру бағдарламасы «Самұрық-Қазына» қорының мақұлдауына ие болды. Несие беруді реттейтін ережелер кәсіпорынның Бақылау кеңесінің қарауына жіберіледі. Жеңілдікті несиелеудің тартымды шарттары бар екінші деңгейлі банкті таңдау ережелері мен түпкілікті шешімі бекітілгеннен кейін, арнайы зауыт комиссиясы осы жылы несие ала алатын зауыттың алғашқы 50 қызметкерін анықтайды.

### Балабақшалар үшін өтемақы туралы

Жеке балабақша қызметтеріне ақы төлеу үшін өтемақы сомасын ұлғайту қарастырылған ба?

**Электр цехының сұрағы**

**Қызметкерлерді басқару бөлімінің жауабы:** 1,5 – 6 жастағы мектеп жасына дейінгі балалары бар «АМӨЗ» ЖШС қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына сәйкес серіктестіктің бизнес-жоспарында бекітілген қаражат шегінде мектепке дейінгі мекемеде (коммерциялық, жеке) баланы күтіп-бағу құнына ай сайын ішінара өтемақы төленеді, бірақ 1 АЕК-тен аспайды. Басқарманың 19.01.2024 ж. шешімімен 2024 жылға арналған ай сайынғы жәрдемақы мөлшері белгіленді – бір балаға 70 000 теңге (салықтар мен аударымдарды ескере отырып), 2023 жылы бұл сома 60 000 теңгені құрады.

### Еңбекақы жөнінде

Зауыт жұмысшыларының биылғы жылғы жалақысын өсіру жоспарда бар ма?

**Электр цехынынң сұрағы, Мұнай өңдеу және оны терең күкіртсіздендіру өндірісі**

**Қызметкерлерді басқару бөлімінің жауабы:** «АМӨЗ» ЖШС қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларына сәйкес 01.04.2024 жылдан бастап «АМӨЗ» ЖШС қызметкерлерінің жалақысын/тарифтік ставкаларын арттыру қарастырылған. 2024 жылға арналған бекітілген бюджетте көзделген қаражатты негізге ала отырып, жалақының өсуі орта есеппен 8% -. құрайды. Яғни, өсім сараланатын болады: I бөлім – индекстеуге байланысты бірыңғай пайыз, II бөлім-2023 жылғы нәтижелілікті бағалау қорытындысы бойынша.

### Қосымша төлемдер туралы

Зиянды еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы қалай белгіленеді және бұл төлем барлық цех қызметкерлеріне тиесілі ме?

**Электр цехының сұрағы**

**Қызметкерлерді басқару бөлімінің жауабы**: Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін қосымша ақы жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелері бойынша және өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, ауыр жұмыстардың, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардың тізбесіне сәйкес белгіленеді, онда жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы қосымша ақы төленетін еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғары мөлшеріне құқық береді, сондай-ақ оларды беру қағидаларына сәйкес (ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 28.12.2015 ж. №1053 бұйрығы).

## СПРАШИВАЛИ – ОТВЕЧАЕМ

### Про ссуды на жильё

Будет ли в этом году предоставляться ссуда на приобретение жилья, в том числе молодым специалистам?

**Вопрос электроцеха, РМЦ**

**Ответ ОУП:** В настоящий момент программа финансирования приобретения жилья работниками ТОО «АНПЗ» получила одобрение Фонда «Самрук-Казына». Правила, регламентирующие предоставление ссуд, направлены на рассмотрение Наблюдательного совета предприятия. После утверждения Правил и окончательного решения по выбору банка второго уровня с привлекательными условиями льготного кредитования, специальная заводская комиссия определит первых 50 сотрудников завода, которые в этом году смогут получить ссуду.

### Про компенсацию за детсады

Предполагается ли увеличение суммы компенсации за оплату услуг частных детских садов?

**Вопрос электроцеха**

**Ответ ОУП:** Согласно Правилам оказания социальной поддержки работникам ТОО «АНПЗ», имеющим детей дошкольного возраста 1,5 – 6 лет производится ежемесячная частичная компенсация стоимости содержания ребенка в дошкольном учреждении (коммерческом, частном) в пределах средств, утвержденных бизнес-планом Товарищества, но не более 1 МРЗП. Решением правления от 19.01.2024 г. установлен размер ежемесячного пособия на 2024 год – 70 000 тенге на одного ребенка (с учетом налогов и отчислений), в 2023 г. эта сумма составляла 60 000 тенге.

### Про заработную плату

Стоит ли работникам завода ожидать повышения заработной платы в этом году?

**Вопрос электроцеха, ППНГО**

**Ответ ОУП:** Согласно Правилам оплаты труда работников ТОО «АНПЗ», с 01.04.2024 года предусмотрено повышение окладов/тарифных ставок работников ТОО «АНПЗ». Исходя из средств, предусмотренных в утвержденном бюджете на 2024 год, ожидаемое повышение заработной платы составит в среднем 8%. То есть повышение будет дифференцированным: I часть – единый процент в связи с индексацией, II часть – по итогам оценки результативности за 2023 год.

### Про доплаты

Как устанавливается доплата за вредные условия труда и возможна ли эта выплата всем работникам цеха?

**Вопрос электроцеха**

**Ответ ОУП:** Доплата за работу во вредных условиях труда устанавливается по результатам аттестации рабочих мест и согласно списку производств, цехов, профессий и должностей, перечню тяжелых работ, работ с вредными и (или) опасными условиями труда, работа в которых дает право на сокращенную продолжительность рабочего времени, дополнительный оплачиваемый ежегодный трудовой отпуск и повышенный размер оплаты труда, а также согласно правилам их предоставления (приказ минздрава и соцразвития РК №1053 от 28.12.2015 г.).

### Тренероваться – по желанию

Возможно ли вместо спортклуба Invictus Fitness Club с частичным погашением абонемента выбрать любой другой спортивный зал, бассейн и прочее спортивное заведение с полным или частичным ежемесячным возмещением от завода?

**Вопрос РМЦ**

**Ответ ОУП:** Комиссией по выбору фитнес-клуба предложен наиболее приемлемый вариант – частичная компенсация работникам затрат на приобретение годового абонемента при посещении фитнес-центров/залов г. Атырау, согласно утвержденному перечню. Другими словами, работник самостоятельно, на свой выбор может приобрести годовой абонемент в понравившийся фитнес-центр. При этом при предоставлении платежных документов завод будет возмещать часть затрат в сумме, единой для всех работников и утвержденной правлением Товарищества. На сегодняшний день сумма не утверждена, информацию об этом сообщим дополнительно.

«AMOZ alemi» басылымы №5.
8 наурыз 2024 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, Қабдолов к-сі, 1
тел.: 8 (7122) 25-95-84.

Газет «Полиграфсервис» ЖШС
баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстой к-сі, 27/6.
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99.
Таралымы: 1500 дана.
Тапсырыс №31.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ш. Какимжанова.
Caspian News ЖШС:
жетекшісі – К. Кертаев.
Редакторлар – И. Козонова,
А. Қабдешова.
Суретке түсіруші – Б. Амантаев.

Газет
Қазақстан Республикасының
баспасөз және бұқаралық ақпарат
министрлігінде 1992 жылғы
27 мамырда тіркеліп,
тіркеу туралы
№790 куәлігі берілген.

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен
хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

AMOZ alemi